

Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш буын арасындағы сабақтастық

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Осы өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр.

Аталған міндетті шешуде кезек күттірмейтін мәселелердің бірі ретінде мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің жолдарын айқындаудың маңызы зор. Өйткені сабақтастық туралы мәселе өткір қойылып отыр. Бұл мәселені ғалымдар, білім беру мекемелерінің жетекшілері, мұғалімдер, ата-аналар да көтеріп отыр. Олардың дабыл қағуына толық негіз бар.

Мақсат, мазмұн бірлігі неғұрлым тиімді деген әдістерді, оқыту құралдарын, балалар мен оқушылардың жетістіктеріне қорытынды жасау және бағалауды тандап алуға негізделген білім берудің мектепке дейінгі, бастауыш буын сатыларындағы көп түрлі, көп нұсқалы бағдарламалардың болмауы, осы сатылардың арасындағы байланыстың жоқтығын көрсетеді. Берілген бағдарламаларда білімді игеру көлемі, жеке тұлғалық, әлеуметтік даму деңгейлері ескерілмеген. Бастауыш буын мен мектепке дейінгі білім беру бір-бірінен алшақ жатыр деуге болады.

Сондықтан балабақша мен бастауыш буын сабақтастығын айқындауда біріншіден:

- аталған сатыдағы білім берудің өзіндік мақсаттарының айқындалуы, білім мазмұнының бірыңғай, жүйелі құрылуы, баланың белсенді дамуы арқылы білім берудің келесі сатысына көшудің тиімділігінің қамтамасыз етілуіне;
- екіншіден: білім беру жүйесінің әрбір әдістемелік компоненттерінің байланысы мен үйлесімділігінің болуына назар аудару керек (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістемесі, ұйымдастыру түрлері).

Сонымен қатар аталған сабақтастық сақталу үшін мектепке дейінгі кезеңде — жас ерекшелігіне сәйкес баланың өзін-өзі бағалауының сақталуы, танымдық және тұлғалық дамуы, қоршаған ортамен байланыс жасауға дайындығы қарастырылады. Бастауыш сатыда — мектепке дейінгі шақтағы жетістіктерінің барлық деңгейіне тірек болуды, қарқынды даму жағдайында жеке жұмыстарды, мектепке дейінгі қалыптасып болмаған қасиеттерін жетілдіруге арнайы өзара қарым-қатынас жасау формаларын дамытуды қамтамасыз етеді.

Сабақтастық даму кезеңдері мен сатылардың арасындағы ортақ мақсат-міндеттер, ортақ мазмұнды байланыс, бұл байланыс олардың толық және жеке жақтарының кейбір элементтерін сақтайтын тұтас жүйе. Жеке тұлғаның даму кезеңінің үздіксіз білім беру деңгейлері мен сатылары нақты мақсаттарды іске асыру жағдайлары мен талаптарының іске асырылуымен анықталады. Осының барлығы бір ғана түпкі мақсатқа — баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағытталуы тиіс.

Сабақтастық білім беруде:

- балалардың жеке тұлғалық дамуын қалыптастырып, олардың одан арғы өмірлік қызметтерін қамтамасыз етеді;
- білім беру кезеңдерінде үздіксіз білім беру (балабақша-мектеп, мектеп жоғарғы оқу орны);
- біртұтас білім беру жүйесінде осы кезеңдердің және оқыту түрлерінің біртұтастығын ұйымдастыруға өз әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықтың негіздемесі:

- балалардың білуге деген құмарлығын дамыту;
- балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту;
- балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялын дамыту;
- тілдік қарым-қатынасын дамыту (құрбы-құрдастарымен, ересектермен тіл табысып, сөйлесе білу)

Сабақтастық үрдісін 2 жақтан қарауға болады.

1. Мектепке дейінгі буын сатысында мектепке дейінгі балалық шақтың өзіндік құндылығы қысқартылады және балалардың жеке тұлғалық сапасының негізі қалыптасады.
2. Мектеп өз жұмысын жоқтан құрмайды. Мектепке дейінгі балалардың жетістігін қапсырып алып, балалардың жинақтаған әлеуетін педагогикалық практиканы ұйымдастыра отыра дамытады. Сабақтастықтың осындай түсінігі балалардың дамуы мен оқып үйренуін үздіксіз іске асырып отырады.

Бұл:

- Мектепке дейінгі мекеме мен мектептегі білім үрдісінің мақсатын, міндетін, мазмұнын, бағыттап отырады;
- әр баланың дамуына жағдай жасайды (денсаулығын сақтау, эмоционалдық саулығы).

Балабақша мен бастауыш білім сатысының сабақтастығын тек баланы мектепке дайындау деп түсінбеу керек, мұнда педагогтар мектепке дейінгі ұйымдарда білім берудің формалары, әдіс-тәсілдерімен жете танысып, 6 жас пен 7 жас аралығындағы психологиялық ерекшелікті анықтай отырып мектепке біртіндеп жеңіл бейімделуіне жағдай жасау шарт.

Мектепке дейінгі мекеменің міндеттері:

- салауатты өмір сүру салтының құндылығына балаларды қатыстыру;
- эмоционалдық аман-саулығын қамтамасыз ету, әр түрлі көркемдік іс-әрекет түріне жағдай жасау;
- талабын, білуге құмарлығын, еркіндігін дамыту;
- айналадағы әлем жайында білімін қалыптастыру;

Бастауыш мектептің міндеттері:

«Сабақтың тыс іс-шара»

Мақсаты: Өсіп келе жатқан жас ұрпақты ата – бабаларымыздың жасап кеткен мәдени қазына байлықтарының үлгілеріне қанықтырып жеке адамның да бүкіл қоғамның да рухани жетілуіне ықпал жасау.

№39 «Достық» бөбекжай балабақшасы «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері Ақтөбе қаласы Әлия Молдағұлова атындағы музейге саяхат жасады. Балалар музейді қызығушылықпен аралап, Әлия апамыз туралы көп мағлұматтар алды. Әлия апамыздың ескерткішіне барып, гүл шоқтарын қойып тағзым етті.

Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды.



Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

Мектепке топсеруен

Бәйтерек мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Махатова А.Қ.

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

2022-2023 оқу жылының жоспарына сәйкес мектеп пен мектепке дейінгі ұйым арасындағы сабақтастық негізінде 30 наурыз күні «Бәйтерек» мектепалды даярлау тобының балалары №40 орта мектепке топсеруенге апарылды. Мектеп ғимараты зәулім, үш қабатты. Балаларға білім алуға қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Балалар дене шынықтыру залын аралап көрді. Спорт залы кең, іші жарық.

Балалардың тамақтануына да жағдай жасалған. Асхана іші де кең, әрі жарық, таза. Балалар мектеп кабинеттерін де аралап қарады. Класс бөлмелерін аралап, парталарға отырып көрді. Бастауыш класс мұғалімімен кездесіп, мектеп туралы әңгімелесті.

Оқу залындағы үстелдерге отырып қызықты кітаптарды тамашалады. Мектеп кітапханасын аралап, кітаптардың көптігіне назар аударды.

Балалар мектептен жақсы әсермен оралды. Балабақшаға келген соң көргендерін айтып, алған әсерлерімен бөлісті.

Топсеруеннің мақсаты: Балаларға мектеп өміріне қиындықсыз өтуіне жағдай жасауды қамтамасыз ету. Мектеп пен балабақша арасындағы байланысты қамтамасыз ету.

Тәрбиеші: Махатова А.Қ.







Баланы мектепке дайындауды қалай жүргіземіз?

Мектеп – әр бала өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Балабақша барлық ересектердің есінде қалмаса да, олардың әрқайсысы дерлік мектеп қабырғасындағы өмірін ұмытпайды.

Әрі әркім әрқалай ұмытпайды. Біреуі үшін мектеп думан-мереке болса, екіншісі үшін түрмемен тең болған. Біреуінің сенімді достары пайда болған, ал енді біреуі өзін басқалардың арасында бөтен сезінген. «Мектептегі табыстылық» неге байланысты?

Бүгінгі таңда білім беру бағдарламасы жиі қайта қараларды, өзгеріске түседі, жаңа басымдылықтар анықталады, «баланы қашан мектепке берген дұрыс: 6 немесе 7 жасында ма?» «баланы мектепке арнайы дайындау қажет пе және онымен кім айналысуы тиіс: балабақша тәрбиешілері, ата-аналар, мамандар ма?» деген сияқты мәселелер айналасында қызу пікірталас жүреді.

Дәрігерлер, психологтар және педагогтар соңғы уақытта мектепке бейімделе алмайтын, мектеп жүктемесін еңсере алмайтын және балабақшаға қайта оралуға мәжбүр бастауыш сынып оқушыларының саны артып кеткенін айтады, бұл өз кезегінде бала мен оның отбасын жабырқататын жайт.

«БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ҚАШАН БЕРУ КЕРЕК?» ДЕГЕН СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫ БІРЕУ – БАЛА МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БОЛҒАНДА. БАЛА ҚАНШАЛЫҚТЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БОЛСА, ОНЫҢ МЕКТЕПТЕГІ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ ДА СОНШАЛЫҚТЫ БОЛАДЫ.

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ ДЕГЕН НЕ?

Мектепке дайындық – баланың дамып-жетілгендігінің көрсеткіші емес, бұл, бірінші кезекте, оның психофизиологиялық жетілгендігінің белгілі бір деңгейі.

Иә, ол оқи алуы мүмкін, жазу жаза алуы және тіпті есеп те шығара алуы мүмкін, бірақ мектепке дайын болмауы да ықтимал. Ең алдымен, жақсырақ түсіну үшін «мектепке дайындық» ұғымын «оқуға дайындық» ұғымына өзгертейік.

Міне, оқуға дайындық бірнеше құрамдас бөліктен тұрады, олардың бағынышсатының бойына тізіп, қайсысы маңыздырақ екенін айтуға болмайды, керісінше, барлық осы құрамдас бөліктердің үйлесімі сол дайындықты анықтайды. Бұл құрамдас бөліктерге келесі атаулар берейік: «Бала оқығысы келеді» (ынталану). «Бала оқи алады» (эмоционалдық-ерік-жігер саласының жетілгендігі, ой-өрісінің жеткілікті даму деңгейі).

«Бала оқығысы келуші ме еді?» Белгілі бір даму кезеңінде (негізінен 7 жаста) дені сау бала үшін танымдық немесе оқу ынтасы алға шығады, оның қоғамда жаңа орынға ие болуы, есейе түсу ниеті пайда болады. Егер осы кезге дейін баланың санасында мектептің жағымсыз бейнесі (баланың кез-келген олқылығына «Мына түрінмен мектепте қалай оқисың?» дей беретін «қамқор» ата-ананың арқасында) қалыптаспаса, ол сөзсіз мектепке барғысы келеді. «Иә, ол мектепке қатты барғысы келеді», – дейді қабылдауда ата-аналардың көпшілігі. Бұл ретте бала неге мектепке барғысы келетінін түсіну үшін баланың мектеп жайлы түсінігін білу маңызды. Балалардың көпшілігі мектепте үзіліс кезінде ойнайтынын (ойнау ынтасы басым түседі); жаңа достар табатынын (алдыңғысынан тәуірірек, бірақ әлі де оқу ынтасынан алыс); оқитынын (жақсы, бірақ оқу ынтасы деуге келмес) айтады. Бала «оқығысы келгенде» мектепте оны әлдебір жаңа дағдыларды үйрену, әлі қолынан келмейтінін үйрену қызықтырады. Кейде мектепте не істейтінінен мүлдем бейхабар балалар да болады (мұндай жағдайда олардың ата-анасы жақсылап ойланғаны жөн).

«Эмоционалдық-ерік-жігер саласының жетілгендігі деген не?» Оқу – ойын емес, еңбектенуді білдіреді. Тек кәсіби ұстаз ғана балаға оқуға жайлы болатын, дамытатын ойын ортасын жасай алады. Көбінесе – бұл үнемі барлық қалауларын шегеріп қойып, «қажетті» істермен айналысу қажеттілігі. Осындай қабілет, сонымен қатар, баланың ұзақ уақыт бойы зейін қоя білу мүмкіндігі эмоционалдық-ерік-жігер саласының жетілгендігін білдіреді.

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

Спорттық сайыс:
**«Шынықсаң шымыр
боласың»**

Бәйтерек мектепалды даярлық тобы

Дене шынықтыру жетекшісі: Телғарин А.Б.

2022-2023 оқу жылы

«Шынығамыз ойнаймыз, денсаулықты қорғаймыз»

Сайыстың мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтауды насихаттау. Балалардың денсаулығын нығайта отырып, ойын арқылы әртүрлі жаттығулар жасату. Екі топ балаларын достыққа, икемділікке, ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Дене тәрбие жетекшісі: Саламатсыздар ма балалар, тәрбиешілер және тәрбиеленушілер. «Жұлдыз» тобымен өткелі отырған «Біз күштіміз, мықтымыз» атты спорттық жарысқа қош келдіңіздер. Ортаға сайысқа қатысушы «Тұлпар» тобы мен «Сұңқар» тобын ортаға шақырамын.

*Қане, бір – бірімізді қостаймыз,
Бүгінгі жарысымызды бастаймыз.
Жеңіске жетеміз – деп,
Жалынды ұран тастаймыз.*

Дене тәрбие жетекшісі: Ендеше «Тұлпар» тобы мен «Сұңқар» тобының ұрандарын тындап көрелік.

«Тұлпар» тобының ұраны: Тұлпар болып шабамыз,
Озып бәйге аламыз.

«Сұңқар» тобының ұраны: Сұңқар болып самғаймыз,
Жарыстарда талмаймыз.

Дене тәрбие жетекшісі: Жарайсындар балалар. Ендеше мен сендерді сайыстың бірінші ойыны мен шартын түсіндірейін.

I. Ойын: «Жалаушаны тез жеткіз»

Ойын шарты: Жалаушаны қолда ұстап кедергілер арасынан мәреге дейін жүгіріп келіп, келесі адамға жалаушаны береді. Қай топ бірінші аяқтаса, сол топ жеңіске жетеді.

Қажетті құралдар: Кубиктер, жалаушалар.

II. Ойын: «Көңілді доп»

Ойын шарты: Үлкен доптарға мініп, мәреге дейін секіріп барып, қайтып келеді. Дұрыс әрі тез орындаған топ жеңіске жетеді.

Қажетті құралдар: Үлкен доп.

III. Ойын: «Кім мерген?»

Ойын шарты: Құрсаулардан секіріп келіп себетке екі қолмен допты лақтыру. Себетке допты көп жинаған топ, жеңіске жетеді.

Қажетті құралдар: Кішкене доптар, себеттер.

IV. Ойын: «Қапшықпен жарыс»

Ойын шарты: Қапшықты аяққа киіп мәреге дейін жүгіріп келу, келесі адамға қапшықты беру.

Қажетті құралдар: Қапшықтар.

Ү. Ойын: «Кім жылдам?»

Ойын шарты: Допты аяқ арысына қысып кедергілер арасынан өтіп, келесі адамға допты жеткізу. Қай топ бірінші келсе, сол топ жеңіске жетеді.
Қажетті құралдар: Доптар, кубиктер.

ҮІ. Ойын: «Кім епті?»

Ойын шарты: Ойында балалар екі құрсауды қатар қойып, бір құрсау ішінен, екінші құрсау ішіне секіріп мәреге дейін алмастырып отырады. Қай топ тез, әрі жаттығуды дұрыс орындаса, сол топ жеңіске жетеді.

Дене тәрбие жетекшісі: Спорттық жарыста «Тұлпар» мен «Сұңқар» тобының балалары өздерінің жылдамдылықтарын, шапшаңдылықтарын, ептіліктерін ойында жақсы көрсетіп екі топта жеңіске жетті. Құттықтаймын сендерді балалар. Рахмет сендерге балалар. Осымен *«Шынығамыз ойнаймыз, денсаулықты қорғаймыз»* атты жарысымыз аяқталды.

*Бойларыңда от бар екенін байқадық,
Жүректерде шок бар екенін байқадық.*

*Әрқашанда осы шокты өшірмей,
Жалындатып шарықтандар биіктерге әрдайым.*

Дене тәрбие жетекшісі: Сау болыңыздар балалар!

Шынықсаң шымыр боларсың

PAJANET CAFEAL MATTER

саншымыр



Downloaded At: 11:53 11 September 2009

СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

The second two groups

Нас утунмун шыныккан
Жасалбаймын тууктан.
Кералын жасап аккала.
Сыргайтканын шартта.

Capitol Museum
2200 L St NW
Washington, DC 20540
202/707-8400

Шамшадлар асрларда шайхон,
Шоғру, манафатдор,
Сўзларга ҳасад қилиётган
Алди мендан бунд оқиларимиз?

Жаңылыктар кабары. 14
Бүткүл дүйнөдө

Семат Нұрлыхан



ЫНЫҚСАН - ШЫМЫР



1. 1st year, 1st year,
 2nd year, 2nd year,
 3rd year, 3rd year,
 4th year, 4th year.

БОЛАСЫҢ!

ПОДГОТОВКА ДЕТЕЙ К ШКОЛЕ

СОВЕТЫ ПСИХОЛОГА ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ, ДЕТИ КОТОРЫХ ГОТОВЯТСЯ К ШКОЛЕ

1. Уже сейчас постарайтесь очень постепенно режим дня вашего малыша соотнести с режимом дня школьника.

2. Чтобы ребёнок умел слышать учителя, обращайтесь внимание, как он понимает ваши словесные инструкции и требования, которые должны быть чёткими, доброжелательными, немногословными, спокойными.

Не пугайте ребёнка будущими трудностями в школе!

3. Перед школой и во время учёбы проверяйте зрение и слух ребёнка.

4. Подготовка к чтению: 6-7 летний малыш должен знать все печатные буквы алфавита, но многие могут слитно читать слоги, а некоторые - и целые тексты. Несмотря на такую разную подготовку, все дети устают от процесса чтения очень быстро.

Чередуйте это занятие с отдыхом. Пусть ребёнок "погримасничает" перед зеркалом, произнося чётко и громко звуки, отдельно и плавно. Это развивает артикуляционный аппарат.



Балаңыздың қуана мектепке баруы үшін не істеуге болады?

(Ата-аналарға кеңес)

- Балаңыздың уақытылы ұйықтауын қадағалаңыз. Ұйқысы қанбаған баланың сабаққа қызығушылығы болмайды.
- Баланың есту және көру, сөздерді дұрыс, анық айта білу қабілетін қадағалаңыз.
- Мектеп туралы жаман айтпаңыз. Баланың көзінше мұғалімдерді сөз қылмаңыз.
- Бала тапсырмаларға, мектептен әкелген кітаптарына сіздің қызығушылық танытып қабылдайтыныңызды көрсін.
- Балаға өз ойын ашық жеткізуді үйретіңіз, үнемі қолдау көрсетіп отыруға тырысыңыз.
- Компьютерлік ойындарды ойнауды бала күніне 20 минуттан асырмауы тиіс.
- Мектеп өміріне үнемі белсенділік танытыңыз. Балаға оның мектебінің сіздің өміріңіздің маңызды бөлігіне айналуы жақсы әсер етеді.
- Мектепте сіздің балаңыз жағымсыз қатынасқа қақтығысып қалуы мүмкін, сол сәтте балаңыздың өзіне деген сенімін жоғалтпауға көмектесіңіз.
- Кейде бала мектептегі жағымсыз жағдайларды жүрегіне жақын қабылдап қалуы мүмкін, әркез балаға ненің маңызды, ненің маңызсыз екенін айтып түсіндіріп отырыңыз.
- Балаңызға ұрысқанда «сен үнемі», «сен мүлдем», «әркез сен» деген сөздерді қолданудан аулақ болыңыз, мұндай сөздер баланың жүйкесіне әсер етеді.

